

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты,  
«Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшесі  
М.М. Тәжмағамбетоваға

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты, «Ақжол»  
фракциясының мүшесі  
Қ.Ж. Исаға

2021 жылғы 15 қыркүйектегі  
№ ДС-264

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің Ұлттық мемлекеттік кітап палатасын (бұдан әрі – Кітап палатасы) жаңа ғимаратқа көшіру туралы сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Кітап палатасын жаңа ғимаратпен қамтамасыз ету мәселесі ү.ж. 21 қазанда Мәдениет және спорт (бұдан әрі – Министрлік), Қаржы министрліктерінің, Алматы қаласы әкімдігі басшыларының қатысуымен өткен жиналыста талқыланды. Жиналыстың барысында Алматы қаласының меншігінде Кітап палатасын орналастыруға лайық бос жылжымайтын мүліктің жоқ екендігі анықталды. Осыған орай қазіргі таңда Кітап палатасын басқа мекенжайға көшіру мүмкін болмай отыр.

**Анықтама:** ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы (бұдан әрі – кітап палатасы) 1937 жылғы 19 шілдеде құрылған.

Кітап палатасы елімізде және шетелде басылып шыққан құпия емес басылымдардың міндетті бақылау даналарын жинақтап, Баспасөз архивін қалыптастырады, Қазақстанда шығатын барлық баспасөз туындыларын есепке алады және ғылыми тұрғыдан өңдейді, сондай-ақ кітаптарға халықаралық стандарт нөмірлері (ISBN) мен штрих-кодтар береді, кітапханалық-библиографиялық жіктеу функциясын атқарады.

Қазіргі таңда Баспасөз архивінде 4 632 837 баспа өнімдері сақталуда.

Кітап палатасының қор сақтайтын қоймасын күрделі жөндеуді қаржыландыру мәселесі 2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен қарастырылады.

Сонымен қатар республикалық бюджеттің мүмкіндіктеріне қарай Кітап палатасына жаңа ғимарат салу мәселесі пысықталатын болады.

Министрлікке Қаржы министрлігімен, Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, сауалда көтерілген мәселелерді шешу тапсырылды.

Бұл бағытта атқарылған жұмыстың нәтижесі туралы Министрлік сіздерді қосымша хабарландырады.

**Е. Тоғжанов**

*Орындаған: Ә. Тұрғанбаев, 745674*